

## КӨРКЕМДІК БҰЙЫМДАРДЫ ЖОНУ ТӘСІЛІМЕН ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Авторы: Сәулебек А.С., «Кәсіптік оқыту» мамандығының 4 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Абдимоминова Д.К., аға оқытушы, педагогика  
ғылымдарының магистрі*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

Оқушыларды халық шығармашылығының рухани құндылықтарына баулудағы ғылыми зерттеулер, оларды халықтың қолданбалы өнер негіздерімен таныстыру, дәстүрлі материалдарды, бұйымдарды көркемдеп өндеудің әртүрлі технологияларын үйрену, өсіп келе жатқан ұрпақты эстетикалық және еңбек тәрбиесіндегі мәселелерді шешу тақырыптың өзектілігін көрсетеді [1].

Бұл міндеттің көпқырлылығы халықтың сәндік-қолданбалы өнері және де өзгермелі әртүрлі элементтердің көпбейнелі тұтастай мәдениеті, бірақ соған қарамастан жалпылама және іштей тұрақты жасалады.

Оқушыларды көркем қолөнер немесе кәсіпшілікке үйрету үшін жергілікті аймақтық оқыту жағдайларын ескере отырып оның тек кейбір тұстарын, аспектілерін, дамыту нысандарын таңдау қажет.

Бұл зерттеудің өзектілігі оқушыларды халықтық сәндік-қолданбалы өнері, қазіргі заман мәдениеті, мектептегі шығармашылық, бейнелеу және еңбек қызметі арқылы түсінікке жақындататын тиімді педагогикалық әдістер мен оқыту құралдарын табу.

Материалдарды жону арқылы көркемдеп өндеуге байланысты оқушыларда арнайы қабілет қалыптастырады.

Жалпы дидактикада, М.Н.Скаткина, Л.И.Новикованың еңбектерінде оқушыларды еңбекке баулу эстетикалық тәрбиенің байланыстыры мен ұстанымдары ашылған. Барлық осы зерттеулер негізгі педагогикалық қызмет болып табылады.

Түрлі педагог-зерттеушілердің еңбектерінде оқушылардың дамытудың мүмкіндіктері мен негізгі жолдары анықталған. Оқушылармен эстетикалық және еңбек тәрбиесін іске асыруда сәндік-қолданбалы жұмыстар мен көркемдік білімнің маңыздылығы барлығына белгілі.

Ер балалар көркем-қолданбалы еңбек бұйымдарын өздері дайындай отырып, дәстүрлі материалдарды көркемдеп өндеудің арнайы тәжірибелік (практикалық) тәсілдерін үйренумен қатар әртүрлі ғылыми деректермен өздерінің білімдерін байытады, көркем бейнелерді танудың жалпы үдерісіне қосылады, көркем шығармашылық элементтерімен алғашқы орындау тәжірибесі мен еңбек қызметінің өзара тәжірибесі мен еңбек қызметінің өзара байланысы жағдайында эстетиканың бастамалар элементтеріне ие болады [2].

Сәндік қолданбалы өнер тәсілдерімен балалардың көркем шығармашылығын дамытуға бағытталған кейбір зерттеулердің қатарында еңбек қызметіне, еңбектің белгілі бір түріне қолданылатын оқушылардың көркем-шығармашылық қызметін қалыптастырудың нақты жолдары анықталған [2].

Педагогтар оқушыларды белсенді еңбекке және қоғамдық қызметке техникалық еңбек, қызмет көрсету кәсіптері сабақтарында кәсіби бағдар беру мен эстетикалық тәрбие тәсілдерімен дайындаудың жолдарын негіздеді.

Халықтық сәндік-қолданбалы шығармашылық оқушылардың еңбек қызметінде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу құралы ретінде басты орынды әлі де иеленген жоқ. Қазіргі заманғы техникалық жарақтандыру жағдайында бұл барынша өзекті мәселе.

Теория мен тәжірибе талдамалары оқушылардың көркем шығармашылық қызметін күшейтуге бағытталған қоғамның талабы бір жағынан және оқушылар мен жасөспірімдірді өздеріне қолжетімді еңбекпен байланысты көркемдік жұмыс түрлеріне баулу деңгейінің төмендігі, екінші жағынан қарама-қайшылық тудырады, осыдан барып зерттеудің өзектілігі туындайды.

Оқушылардың көркем-қолданбалы қызметін ұйымдастырудың және еңбекке баулу үдерісінде халық кәсіпшілігінің бұйымдарын дайындау технологиясын игеруге қатысты нақты жолдары анықталмаған. Оқушыларды еңбекке баулу қойылымы мен оларды іске асырудың ғылыми-әдістемелік ұсынымдарының тәжірибелік талдамаларынан негізгі мектеп жұмыстарында оқушылардың көркем-шығармашылық қызметін ұйымдастыру деңгейінің қазіргі заман талаптарына кейбір сәйкессіздігі анықталған.

Көркемдік заттарды жону арқылы өңдеуде ұсталық дағдылары мен білімін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздемесін дайындау.

Зерттеу нысаны

Технология сабақтарында көркемдік заттарды жону арқылы өңдеу үдерісі болып табылады.

Зерттеу пәні

Технология сабағында көркемдік заттарды жону арқылы өңдеу.

Зерттеу болжамы:

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жону арқылы көркемдеп өңдеу қабілеті сәтті қалыптасады, егерде :

дәстүрлі заманауи ұлттық мәдениетті ескере отырып оқушыларды жону арқылы жасалатын сәндік-қолданбалы өнер элементтерін енгізетін болсақ;

Зерттеу міндеттері:

-Тақырыпқа сай ғылыми әдебиеттерге зерттеу жасау;

-Технология сабақтарында сәндік-қолданбалы шығармашылық элементтер мазмұнын әзірлеу;

-Оқушыларды шығармашылық қызметке үйрету мен халық шығармашылығын зерттеу үшін еңбек нысаны мен халықтық сәндік-қолданбалы өнер үлгілеріне іріктеу жүргізу;

-Технологияда оқушыларды халықтық сәндік-қолданбалы жұмыстарға үйрету үшін дидактикалық материалдар әзірлеу.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу тәсілдері қолданылады:

-оқу-әдістемелік әдебиеттерді оқып-талдау;

-технология сабақтарында 7-8 сынып оқушыларын көркем шығармашылық элементтеріне оқыту бойынша мектептің озық тәжірибесіне сараптама жасау;

-халықтық сәндік-қолданбалы шығармашылыққа қатысты сұрақтар бойынша оқушылар және педагогтармен әңгімелесу;

-оқушылардың шығармашылық бағыттағы тәжірибелік жұмыстарды орындау үдерісін бақылау;

-математикалық статистика тәсілдерін қолдана отырып, алынған нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу.

Зерттеу екі кезеңде жүргізіледі:

Бірінші кезеңде: тақырыпты таңдау және теориялық ұғыну, теория мен тәжірибедегі проблемалық жағдайды талдау, мақсатты тұжырымдау, зерттеу гипотезасы мен оқушылардың білім деңгейі мен қабілеттерін анықтау.

Зерттеудің негізгі әдістері - арнайы әдебиеттерді оқу; педагогикалық бақылау, сұхбат, сауалнама алу, сараптамалық бағалау әдісі.

Екінші кезең: Материалдарды жону арқылы көркемдеп өңдей білуді қалыптастыру бойынша әзірленген жұмыс тәсілдерінің тиімділігін тексеру үшін әдістемелік сабақтар жүргізу.

Технология сабақтарында сәндік-қолданбалы шығармашылықтың элементтер мазмұны әзірленген:

-еңбек нысандарының көркемдік үлгілерінің талдамалары, сондай-ақ шығармашылық шешім-кәсіптік мазмұны анықталған;

-материалдардың қасиеттерін қолдану негізінде, бұйымдарды сәндеп рәсімдеуге көркемдеп өңдеу технологиясы бойынша оқушылардың сәндік-қолданбалы жұмыстарды орындау тәсілдері мен тиімді әдістері анықталған;

-сәндік қолданбалы жұмыс жону бойынша білім мен дағды, ұсталықты сұрыптау ұстанымы ашылған;

-технология сабақтарындағы еңбек нысандары мен көркем заттардың өзара байланысы.

-технология сабақтарында оқушылардың тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру үшін еңбек нысандарын сұрыптау ұстанымы анықталып, бұйымдар тізбесі әзірленген.

Технологиялық білімге ақпаратты танымдық және қызметтік компоненттер енгізіледі.

1. Ақпаратты компонент (техника-технологиялық құзыреттілік) әлемнің техника-технологиялық суретін, яғни тар (әр түрлі материалдардан бұйым жасаудағы әдістер мен операциялардың реттілігі) және кең (қайта өзгерген, шығармашылық, өнімді адам іс әрекеттері) мағынада технологиялық білім мен қабілеттілікті білдіреді, бұл ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесін ғана көрсетпей, рухани мәдени ортасы жайлы, сондай-ақ адамның ойы мен қолынан шыққан туынды.

2. Қызметтік компонент-бұл оқушылардың технологиялық ой-толғаныстарын дамытуға бағытталған жасампаздық, шығармашылық, қайта өзгертетін қызмет алгоритмдерін іс жүзінде игеруі. Оқушыларды оқытудың негізгі критериялары болып, оның өзіндік болуымен орындаған жұмысының сапасы, сондай-ақ білімді қабылдай алуы мен ашуы қалыптасқан мәселелерді шешу үшін әр түрлі ақпарат көздерін қолдана алуы табылады.

Оқытудың практикалық тәсілдерін пайдаланған уақытта келесі әдістер

қолданылады: оқушылардың алдына мақсат қою, қойылған мақсатты орындауды жоспарлау, белсенді ынталандыру, іс-әрекеттерді бағыттау мен бақылау, практикалық жұмыстың қорытындысын шығару. Практикалық тәсілдерге, білім алушы жаттығу барысында өзінің алған білімдерін практикада қолданатын, жазбаша жаттығулар кіреді.

Технология сабағында көркемдік бұйымдарды жону арқылы өңдеу кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері артып, сәндік - қолданбалы өнер туындыларына қатысты еңбек нысандары толыға түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Х.Марғұлан Қазақтың ұлттық қолданбалы өнері II том. – Алматы «Өнер», 1987 ж
2. К.Н.Раимханова, А.А.Мекебаева Қазақтың ұлттық қол өнері. – Алматы, 2003ж.

## НАЧИНАЕМ С МАЛОГО: ИССЛЕДУЕМ И РАЗВИВАЕМСЯ

*Автор: Смирнова М.А., студентка 4 курса специальности «Физика»  
Научный руководитель: Дёмина Н.Ф., к.п.н., доцент  
Костанайский государственный педагогический университет*

В настоящее время в мире происходит четвёртая технологическая революция: стремительные потоки информации, высокотехнологичные инновации и разработки преобразовывают все сферы нашей жизни. Исходя из этого, меняются и запросы общества, интересы личности, требования к специалистам.

Робототехника, конструирование, программирование, моделирование, 3D-проектирование и многое другое – вот что теперь интересует современных школьников всего мира. Для реализации этих интересов необходимы более сложные навыки и компетенции.

Важно не только знать и уметь, но также исследовать и изобретать. Для реализации этих потребностей необходимо одновременно развиваться в таких ключевых академических областях, как наука, математика, технологии и инженерия, которые можно объединить одним словом – STEM (science, technology, engineering and mathematics).

Во многих странах пересматривается перечень профессий, в том числе и с высшим образованием, это связано с широким внедрением цифровых технологий в нашу жизнь.

В ближайшем будущем многие профессии «отомрут» и возможно их функции будут выполнять роботизированные машины, а так же появятся профессии, которые сейчас даже представить трудно, все они будут связаны с технологией и высоко технологичным производством на стыке с естественными науками, особенно будут востребованы специалисты био- и нано- технологий.